

**2011 жылы Қазақстан Республикасы және облыс алдындағы ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған тұлғаларға коммуналдық қызметтер бойынша шығындар өтемақысына материалдық көмек көрсету туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 04 ақпандағы N 10323 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Өскемен қалалық әділет басқармасында 2011 жылғы 18 ақпанда № 5-1-160 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (ШҚО Өскемен қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 04 қаңтардағы N Ин-5/2 хаты)

**Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (ШҚО Өскемен қаласы әкімдігінің 2012.01.04 N Ин-5/2 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына сәйкес, Өскемен қалалық мәслихатының 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 29/5 «2011-2013 жылдарға арналған Өскемен қаласының бюджеті туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-1-155 нөмірімен тіркелген) шешімін ескере отырып, Өскемен қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы және облыс алдындағы ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған Ұлы Отан Соғысының мүгедектері мен қатысушыларына және оларға теңестірілгендерге жатпайтын тұлғаларға 2011 жылы коммуналдық қызметтер бойынша шығындар өтемақысына 2000 (екі мың) теңге мөлшерінде өтініш иесі «Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (бұдан әрі – Бөлім) келесі құжаттарды ұсынғанда ай сайынғы материалдық көмек көрсетілсін:

- 1) көмек көрсету туралы өтініш;
- 2) жеке басын растайтын құжат;
- 3) салық төлеушінің тіркеу нөмірі;
- 4) Өскемен қаласында тіркелімін растайтын құжат;
- 5) Қазақстан Республикасы және облыс алдында ерекше еңбегі бар зейнеткердің мәртебесін растайтын құжат.

Құжаттар салыстыру үшін түпнұсқа және көшірме түрінде ұсынылады, одан кейін түпнұсқалар өтініш иесіне қайтарылады.

2. Бөлім әр айдың 15-не дейін мемлекеттік зейнетақы төлеу бойынша орталығының Өскемен қалалық бөлімшесінен Қазақстан Республикасы және

облыс алдында ерекше еңбегі бар зейнеткерлердің тізімін (қағаз және электронды тасымалдаушы түрінде) салыстыру үшін сұрайды.

3. Материалдық көмек қажетті құжаттарды және өтініш берген сәттен бастап тағайындалады, төлем ай сайын ағымдағы айдың 30-на дейін Бөліммен жүргізіледі.

4. Алушы қайтыс болған жағдайда материалдық көмек қайтыс болған айға қоса төленеді.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.Қ. Нұрғазиевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 2011 жылдың 1 қаңтарынан туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

*Өскемен қаласы әкімінің  
міндетін атқарушы О. Желякова*